

**XVI-XVII ҒҒ. АРМЯН-ҚЫПШАҚ ТІЛІНДЕГІ СОТ
ЖАЗБАЛАРЫ**

С.ҚҰДАСОВ*

Түйіндемe

Мақалада XVI-XVII ғасырларда армян әліпбиімен жазылған қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің ішінде қыпшақтардың ауызекі сөйлеу тілінің үлгісі ретінде қарастырылып жүрген Каменец-Подольск магистратының акт кітаптарының сипаты, зерттелуі мен олардың қазіргі қыпшақ тілдерінің тарихын зерттеудегі орны мен маңызы туралы сөз болады.

Кілт сөздер: Армян-қыпшақтар, қыпшақ тілі, ресми құжаттар, іс-қағаздары стилі, сөздің лексика-семантикалық топтары.

Summary

The article is devoted to the characterization, the study of history, its role in the study of the history of modern Kipchak languages documentary books Kamenetz-Podolsk Armenian magistrate on Kipchak language, which are regarded as monuments of spoken language Kipchak XVI-XVII centuries.

Tags: Armenian-Kipchak, Kipchak language, official documents, the style of business documents, lexical-semantic groups of words.

Ескі қыпшақ тілінің ескерткіштері аталып жүрген ортағасырлық жазба мұралардың ішінде көлемі мол, әртүрлі жанрды қамтитын армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің алатын орны ерекше. XIV-XVII ғасырларда қазіргі Украина, Молдавия, Румыния жерлеріне қоныс теуіп, қауым болып өмір сүрген, армян-григориан дінін тұтынып, қыпшақ тілінде сөйлеген этникалық топ отандық және шетелдік түркологияда «армян-қыпшақтар», ал олардың армян әліпбиімен жазып қалдырған жәдігерліктері «армян-қыпшақ жазба ескерткіштері» деп аталып жүр [1, 81-90; 2, 79-86.].

Армян-қыпшақтар XV ғасырдың аяғында сол кездегі ең үлкен саяси және экономикалық орталық болған Каменец-Подольск мен Львов қалаларына топтасады. В.Р. Григорян 1566 жылы Каменецте олардың саны 900 үй шамасында болған деген Садок Барончтың, 1200 үйге жеткен деген Ф. Маклердің деректерін келтіреді [3, 281]. Львов

* Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері. Түркістан-Қазақстан.
Senior scientific worker of the scientific-research in the Institute of Turkology. International K.A.Yassawi Kazakh-Turkish University Turkistan / Kazakhstan. E-mail: skudassov@mail.ru

колониясы тұрғындарының саны туралы нақты деректер кездеспегенімен, Львовта қыпшақ тілінде оқытатын мектеп, баспахана, шіркеу (Армянская көшесіндегі армян-қыпшақтардың мінәжат еткен шіркеуі күні бүгінге дейін сақталған және жұмыс істеп тұр. С.Қ.) болғанын, армянша-қыпшақша-полякша сөздіктер, діни еңбектер, XI ғасырда армян тілінде жазылған Мхитар Гоштың «Заңдар жинағы» – «Төре бітігі» қыпшақ тіліне аударылғанын ескерсек, мұндағы армян қыпшақтары саны жағынан Каменец-Подольск тұрғындарынан артық болғанын немесе шамалас екенін аңғарамыз.

1496 жылы король Ян Ольбрахт армян-қыпшақтарына өз істерін өздерінің заңымен шешулеріне рұқсат етеді. Осыдан бастап қыпшақ тілінде көптеген қолтума және аударма еңбектер пайда болады. Іс-қағаздары, ресми құжаттар қыпшақ тілінде жүргізіледі. Қыпшақ тілінде жазылған ресми құжаттар Львов қаласының әкімшілік, сот орындарына поляк, украин, латын тілдеріндегі құжаттармен бірдей дәрежеде қабылданады. Сөйтіп, қыпшақ тілі колонияларда мемлекеттік ресми іс-қағаздары жүргізілетін тіл дәрежесіне көтеріледі [4,100]. Қыпшақ тілі өзінің түрлі функционалды стилі бар жазба әдеби тілге айналады.

Акт кітаптары әуелде Каменец-Подольскіде сақталып, XIX ғасырдың екінші жартысында Киевке әкелінеді. Осы жерде ол кітаптарды тігіп, мөрлеп, парақтарын қайта нөмірлейді. Бұл жайындағы алғашқы деректер М. Бжшкян (1830), М. Владимирский-Буданов (1868), С. Егизарянц (1894), Х.И. Кучук-Иоаннесов (1894) еңбектерінен кездеседі. 1896 жылы Ф.Е. Корш Х.И. Кучук-Иоаннесов транскрипциялаған қыпшақ тіліндегі 8 акт құжаты бойынша Мәскеу археологиялық қоғамының мәжілісінде хабарлама жасайды. Кезінде баспа бетін көрмей, Ф.Е. Корштың архивінде сақталған бұл акт құжаттары тек 1976 жылы И. Абдуллиннің жариялауымен жарық көрді [5, 5-23].

1930 жылы Украин ССР Ғылым академиясының Түркологиялық комиссиясы қыпшақ тілінде жазылған құжаттарды зерттеуді ғалым Т.И. Грунинге тапсырады [6, 91]. Т.И. Грунин 1944 жылы «Половецькомовні документи Київського Центрального архіву давніх актів» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Ол 30-шы жылдарда транскрипциялаған 298 акт құжаты 1967 жылы ғана жарық көрді. Автордың айтуынша, бұлар шифры 4386 қолжазба кітаптан алынған 1559-1567 жылдар аралығындағы сот жазбалары. Ал кітаптың өзі екінші дүниежүзілік соғысы кезінде жоғалып кеткен [7, 59].

Киев архивінің меңгерушісі В. Романовский 1944 жылы жариялаған мақаласында «Каменец-Подольск сотының жазбаларын шегініп бара жатқан немістер Университет үйін өртегенде қоса өртеп жіберді» деген еді.

В. Романовскийді ондай ойға жетелеген жайт, немістер Германияға жөнелткен архив құжаттарының арасында армян-қыпшақ тіліндегі жазбалардың болмауы еді. Ал ол қолжазбалар, басқа да архив құжаттарымен бірге, сол кездегі одақтас болған америка әскерлерінің қолына түседі де, кейін КСРО-ға қайтарылады. Армян әліпбиімен жазылған кітаптар әлі де жер-жерден табылып жатыр. 1598 жылдың 23 наурызы мен 1603 жылдың 7 тамызы арасын қамтыған Каменец магистратының қыпшақ тіліндегі тағы бір кітабы 1979 жылы Латвия архивінен табылып, Киевке қайтарылды [8, 76-80]. Біздің дәуірімізге жеткен қыпшақ тіліндегі 28 акт кітабы 1572-1663 жылдарды қамтиды. Одан бұрынғы кезеңде жазылғандары жоғалған, әзірше тағдырлары белгісіз. Дегенмен, кейінгі кездерде табылып жатқан қолжазба кітаптарға қарағанда [8] бұл мол мұраның ерте дәуірінен хабар беретін жазбалардың бір жерлерде сақталып, табылып қалуы да мүмкін. Олай деуіміздің себебі, 2012 жылы Украинаға барған іссапарымызда, Каменец-Подольск Армян вайттығы сотының қыпшақ тіліндегі 28 акт кітабы мен Андрей Торосовичтің «Философия тасының құпиясы» (1631) атты шығармасы сақталған Киевтегі Украина мемлекеттік тарихи мұрағатының директоры И.Н. Кисиль мырзадан Беларуссиядан тағы бір акт кітабының табылғанын, бірақ оның XIX ғасырда украин тілінде жазылған еңбек екенін білдік.

К. Кушнерян, С. Егизарянц, К. Кучук-Иоаннесовтардың және Т.И. Груниннің еңбектерінде 32 акт кітабы болғандығы айтылады. Қазір Киев архивінде 28 акт кітабы сақтаулы. Қалған төрт кітаптың тағдыры белгісіз (олардың біреуі - Т.И. Грунин жариялаған №4386 қолжазба).

Т.И. Грунин жариялаған қыпшақ тіліндегі құжаттар түрколог-ғалымдардың қолындағы бірегей еңбек, оның үстіне ол бізге жеткен акт материалдарынан мерзімі жағынан бұрын жазылғандығымен де құнды. Дегенмен бұл «армян-қыпшақ тіліндегі протоколдардың бәрі» емес, тек 1559-1567 жылдар аралығындағы сот істері тіркелген бір ғана қолжазба кітаптан алынған 298 құжат. Ондағы ең қысқа мәтінде 22 сөз қолданыс (76-шы мәтін, үш жол), ең үлкен мәтінде 401 сөз қолданыс (259-шы мәтін, 44 жол), негізінен әр мәтінде 100-ге дейін сөз қолданыстары бар.

Армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің үлкен маманы профессор А.Н. Гаркавецтің 2002 жылы Алматыдағы “Дешт-и Қыпшақ” Евразиялық зерттеу орталығынан шыққан *«Кыпчакское письменное наследие. Т.1. Каталог и тексты памятников армянским письмом»* деген көлемі 1084 беттік еңбегінде Киев архивінде сақталған қыпшақ тіліндегі акт кітаптарының мазмұндалған каталогы мен мәтін үлгілері транскрипцияланып, орыс тіліне аударылып берілген [9, 872-954].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тікелей ұйытқы болуымен Астанада құрылған Халықаралық Түркі академиясы тарапынан 2012 жылы Украинаға арнайы ғылыми іссапар ұйымдастырылды. Оның мақсаты Львов, Киев қалаларының мұрағаттарында, кітапханаларында, музейлерінде сақталған армян жазулы қыпшақ ескерткіштерінің, мүмкін болса, цифрлық фотокошірмелерін алу еді. Іссапар нәтижесінде Украинада сақталған армян-қыпшақ ескерткіштерінің барлығының фотокошірмелері алынып, Қазақстанға әкелінді. Бұл сапардағы үлкен олжамыз қыпшақ тіліндегі 28 акт кітабы мен Тросовичтің «Философия тасының құпиясы» атты жаратылыстану саласындағы еңбегі болатын.

Төменде сол акт кітаптарының сипатына, тілдік ерекшеліктері мен тіл тарихын зерттеудегі маңызына қысқаша тоқталмақпыз.

Құжаттарда кеңсе қағаздары стиліне тән штамптар, сөз оралымдары, әр құжаттың датасы мен билердің аты-жөндері, мазмұндас мәтіндердегі қайталаулар көптеп кездеседі. 1572 жылдың 19 наурызынан 1663 жылдың 13 тамызына дейін түрлі іс-қағаздары тіркеліп отырған бұл қолжазба кітаптар «Актовые книги Каменецкого магистрата XVI- XVII вв.» деген атпен Киев архивінде сақтаулы (39 қор, I тізбе, 8, 11, 12, 14, 15, 17, 19а, 20, 22, 24-37, 40-42, 157, 158 нөмірлі істер). Бұл 28 кітаптың жалпы көлемі – 7719 мың парақ, яғни 15438 бет. Он кітап (8, 11, 20, 22, 24, 25, 27, 41, 42, 157) реставрациядан өткен. Қалғандары бұрынғы күйінде, мұқабалары кезінде әшекейленген қоңыр терімен тысталған. Қолжазбалардың жалпы сақталуы жаман емес. Нашар сақталған, су тиіп бүлінген кітаптар да бар. Мысалы, 11, 29, 37, 157-ші нөмірлі кітаптардың соңғы беттері, ал 20, 22, 24, 25, 26, 27, 42-ші кітаптар бірсыпыра бүлінген, су тигендіктен көп жері оқуға қиындық келтіреді, біраз парақтары жыртылған, жоғалған. Реставрациялау кезінде кейбір кітаптардың беттерінің орындары ауысып кеткендігі, бірен-саран парақтарының төмен қарата тігілгендігі кездеседі.

Қолжазба кітаптардың форматтары да стандарт емес, әр түрлі. Тысының көлемінің ең кішісі - 19,5 x 31 см (№4 қолжазба), ең үлкені - 29 см x 43 см (№14 қолжазба). Көпшілігінің мұқабасы 26,5x41,6 см болып келеді. Көлемдері де әртүрлі, №31 қолжазба 181 парақтан (27x40,5 см), ал №17 қолжазба 460 парақтан (20x31,5 см) тұрады.

Кітаптардың көпшілігінде қай жерде, қашан және кімдердің қатысуымен басталып, қалай аяқталғаны, істі кімнің жүргізгені, сондай-ақ воит сайлануы жазылып отырған. Мұндай жазулар 8, 25, 42-ші кітаптарда кездеспейді, 22-ші кітапта бастау жоқ та, аяқтау ғана бар; 20, 26, 29, 157, 158-ші кітаптарда бастау бар да, аяқтау жоқ. Бұл қолжазбалардағы жазулар жоғалған болуы керек.

15-ші кітаптың алғашқы бетінде оның қалай сатып алынғаны туралы төмендегідей жазу бар: «*Men Holub voyt aldım bu diftärni tv[agann]iñ* (армян жыл санауының - С.Қ.) *1038 (1589) abrilniñ 10-una Varšovda 3-inči Zigmunt padča zamanında da 2-inči Seymindä suma 40 hr[o]š».*

Акт кітаптарындағы жазулардың басталуы мен аяқталуы бірдей емес. Кейбір қолжазбаларда төреші (судья), антiшкендердің (присяжные – алқа билер) аттары санамаланып аталмайды. Кейде тіпті қысқаша: «*Biy teñri sen bolus. Bašlandi yazılma bu aktalarda spravalari tv[agann]iñ 1081-iniñ (1632) hunvarniñ (қаңтардың) 2-sinä».* «*Tügälländi bu aktalar tv. 1082-sinä (1633) sebdeperniñ (қыркүйектің) 21-inä šapat (сенбі) күн. Bolsun xaybat biy teñrigä. Amen!»*, деп келсе, енді бірде: «*...biy teñri bergäy yağšï saylihta skonçit etmä. Amen!»* деген тілекпен басталып отырады.

1496 жылы король Ян Ольбрахт армяндарға басқа заң орындарына бармай, өз істерін өз заңдарымен шешулеріне рұқсат береді. Қауымның өзін-өзі басқаруын (самоуправление) армян магистраты жүргізіп отырған. Оның құрамында жыл сайынғы әулие Матвей мейрамында ағалар кеңесі сайлайтын судья-воит және армян заңын жетік білетін 12 адам болған.

Кейбір кітаптар осындай судья-воит сайлауынан басталады. Акт кітаптарына армян соты қараған түрлі істер жүйелі түрде тіркеліп отырған. Олар - өтініш, қолхат, өсиетхат, түрлі келісім-шарттар, төлем қағаздары, анықтамалар, кепілдік, куәлік, арыз, дүние-мүліктің тізімі, акция, апелляция, декрет, протест, ант ішу т.т. Сондай-ақ етікшілердің жарғысы, шіркеу қазынашысының түскен және жұмсалған қаржылар жайындағы есебі, түрлі құжаттардың көшірмелері көптеп кездеседі.

«Таза (беловая) кітап» деп саналған бұл кітаптарға жазбалар мұқият жазылғанын, құжаттарды тіркеу тәсілі үнемі жетілдірілу үстінде болғандығын байқаймыз. Мысалы, №8 кітаптың алғашқы беттеріндегі әрбір хаттаманың асты жеке-жеке сызылып бөлінсе, кейін келе даугерлер есімдерін мәтіндердің шетіне жазып отырған. Тек бірнеше мәтінде істің мазмұны тақырып ретінде ірі әріптермен беттің ортасына жазылған. Аталған кітапта (№8-іс) бұлай жазу өте сирек кездеседі. Одан кейінгі кітаптарда әр құжаттың атын жолдың ортасына жазу жүйелі сипат алады. Көпшілік жағдайда істің не жайында екендігін қыпшақ тілінде жазуға тырысқандық байқалады. Поляк, армян тілдеріндегі мәтіндердің атауларын да қыпшақша жазып отырған.

Құжаттардың жалпы құрылымы төмендегідей болып келеді:

1. Датасы – жылы, айы, күні, войттың және ант ішкен төрешілердің аты-жөндері, даугерлер жайы.

2. Негізгі мәтін: даугерлер мен куәлардың сөздері өзгертілмей жазылады. Егер куәлік ретінде құжат көрсетілсе, қай тілдегі құжат болса да көшірмесін тіркеп отырған.

3. Екі жақты тыңдап болғаннан кейінгі төренің шешімі.

4. Аяқтау: мүдделі жағының істің шешілгені, яки акт кітабына жазылғаны үшін төреге ақы төлегендігі көрсетіліп отырады.

Бұл құрылым маңызды деп саналған істердің барлығында сақталып отырған. Жеңіл-желпі деген істерде войттың атынан кейін «*yanına bolgan töräçilärniñ*» деп қысқа қайыра салады. Кей істер үшінші жақтан баяндалады.

Акт кітаптарындағы мәтіндерден жарық көрген армян-қыпшақ тіліндегі материалдарда кездеспейтін көптеген сөздер мен сөз тіркестерін, сөз оралымдарын табуға болады. Мысалы, өсиетхаттардың тілінде образдылық басым: *teñridän avaz keldi* «тәңіріден (өлім жайында) әуез келді», *yemgä ketmäk oyım bar* «йеме (жаратқанға, о дүниеге) кетпек ойым бар», *keçmañından soñra bu dünüädän* «бұл дүниеден өткеннен соң», *egär ki ölsäm nä anam bar, çardaşım bar bilirmen ki alar benim džaninimni bu auyirlixtan çutçarırlar* «егер де өлсем, онда анам бар, туысым бар, өйткені олар менің жанымды бұл борыштан құтқаратындарын білемін» т. б.

Ескерткіштер тілінде сол дәуірге тән түрлі құбылыстар мен заттар мен ұғымдар, құбылыс атаулары, халықтың наным-сенімінен, мәдениетінен хабар беретін сөздер молынан кездеседі; қыпшақ тіліндегі баламасы жоқ болғандықтан түпнұсқа тілден қабылданған

кірме атаулар да бар. Сөздік құрамда төл сөздермен қатар кірме сөздердің қамтылуы барлық тілдерге тән құбылыс болып есептеледі. Белгілі бір тілдің лексикасын зерттеуде халық өмір кешкен табиғи жағдайларды, халықтың негізгі кәсібін, шаруашылық, үй-тұрмыс ерекшеліктерін, қоғамдық-саяси құрылымын, халықтың көне наным-сенім ерекшеліктерін айқындап-нақтылауды өзіне мақсат етіп қоюға болады.

Акт кітаптары тілінде кейбір терминдер мен атауларды тілдің ішкі мүмкіншілігін пайдаланып, сәтті бере білген. Мысалы, *antičkän* «ант ішкен адам (присяжный)» (бұл ұғымды қазіргі қазақ юрисдикциясында *алқа билер* деп атап жүрміз), *töräci* «төреші, сот», *cholbitik* «қолхат» т. т.

Құжаттар тілінде саудаға, сатушылыққа байланысты сөздер молынан кездеседі: *ališli berišli kiši* «саудагер, алыпсатар», *paylaš* (*үлескер, пайлас*), *bazar, bezirgän* (*саудагер*), *kebit* (*дүкен*), *ülüš* (*үлес*), *ziyanli* (*зиянды*), *ačsa, pul, altin ačsa, kümüš ačsa, som taši* т. б.

Altin, kümüš, sari yez, xalayı, bayir сияқты металл атауларымен қатар *altin yüzük yılan sıfatlı, altin suvlu yüzük, biläzük, boyunčax, indzi* тәрізді әшекейлер атаулары да көптеп ұшырасады.

Акт кітаптары тіліндегі сөздердің бір саласы тұрмыс-салт, киім-кешек, мата, үй-құрылысына байланысты лексикаға жатады: *atlas, xadifa, xirmizi, xas ipäk* (*қас, таза жібек*), *yašil altinli xatxa, yurvan* (*көрпе, жуырқан*), *belbay, türk yavlixi* (*түрік жаулығы*), *börk, xadifa börk, xayıt* (*қағаз*) *börk, xatun kišiniñ borkü, saxtiyan etik, ič etik, yalan ton, tülkü ton, tiyin ton, teri ton, ton-oprax* (*киім-кешек*); *azbar, čardaх, хахра, oram, zindan*; тұрмыстық заттар атауы: *tepsi, xašux, tegänä, ayač tegänä, bičax, balta* т.б., ер-тұрман атауы: *er, noxta, yügän, xayıš yügän* (*қайыс жүген*), *xatci* т. б.

Армян-қыпшақ ескерткіштері тіліндегі лексиканың бір саласы – қоғамдық -элеуметтік лексика. Олар: *aya, biy, biylik, biyaya, elci, elcilik, sultan, xan, xaniča, bitikci, yazuči, tilmäč, tilmäcliх, xul-xutan, yalci, el, ulus, veliyat, mämläkät, törä* (*заң, сот, үкім*), *töräci, ev-el* (*ел-жұрт*), *sü baši* (*әскер басы*), *dästür, borč* (*борыш, қарыз*), *aldavci, davigär* (*даугер, сотта талап етуші тарап*), *džuarpkär* (*жауапкер, сотта жауап беруші тарап*), *xoltxa* (*қолқа, өтініш*), *xačxin, xaraхci, ötünč, tanix* (*күә*), *tanixliх* (*күәлік*), *džaza, töräläš-* (*сотмас-*), *törä bitiki* (*заңдар кітабы*), *yaru* (*жарғы, сот процесі*), *törä yergäci* (*сот жарғысы*), *xонах töräsi* (*қонақ күту туралы жарғы*), *kefil* (*кепіл, бұл сөз сирек қолданылады*),

tusnaḥ (кепілге зат қою), *yasaḥ* (алым, салық), *yasaḥči* (салық жинаушы), *yük* (кепілдік), *yükči* (кепіл болушы), *sarna-* (оқы-) т. т.

Ескерткіштерде кездесетін кәсіп пен кәсіп иелерін білдіретін сөздер: *altınči*, *bīḥaḥči*, *čölmäkči*, *etikči*, *etikčilik*, *ḫabaḥči* (қақпа күзетуші), *ḫazanči*, *ḫoуči*, *oуunчи* (музыкант, аспапта ойнаушы), *sabonči* (сабын қайнатушы), *usta* (ұста), *saḫtiyanči* (теріден сақтиян жасаушы), *tatḫači* (кеденші, салық жинаушы), *tükči* (иші, тері илеуші), *tiyirmänči*, *bitikči* (сотта іс жүргізуші) т. б.

Бұл атаулар көп жағдайда адам атының анықтауышы ретінде қолданылады. Мысалы: *Zadig Ḫazanči*, *Yurko Etikči*, *Tavit Čiraḫči*, *Lazar Tükči*, *Naum Tiyirmänči*, *Sarkis Tatḫači* т. б.

Сот жазбаларында кездесетін түркі антропонимдері: *Kökčä*, *Yölmelik*, *Uluḫatun*, *Uluḫodža*, *Sultan*, *Šadbey*, *Esänbey*, *Edil*, *Ḫidir*, *Oraz*, *Ḫazar*, *Čortan*, *Aydin*, *Yančura*, *Ḫaraḫaš*, *Zakariya*, *Urum Murad*, *Mirza*, *Tügäl bey*, *Turaš* т. т.

Ескерткіштер тілінің негізгі сөздік қоры қазіргі қыпшақ және басқа да түркі тілдеріне ортақ сөздер, яғни жалпытүркілік сипаттағы сөздерден тұрады. Көне дәуірлерден жеткен түркілік сөздердің үлкен бір тобы, қазіргі түркі тілдерінің өзіндік жүйесін құрайтын фонетикалық өзгерістерге ұшырағанымен, негізгі тұлғалары мен лексикалық мағыналарын сақтағанын көреміз. Жазба дереккөздерге сүйене отырып, көне түркіден бастап, кейінгі дәуір ескерткіштері тілінен көрініс тапқан бұл сөздердің тілдің даму нәтижесінде фонетикалық, семантикалық, тұлғалық өзгеріске түсу процесін белгілі дәрежеде бағамдауға болады.

Бір ғасыр бойы хатқа түсіп, функционалды стильдері қалыптасқан қыпшақ тілінің іс-қағаздары стилі үлгісі ретінде бағаланатын Киев архивінде сақталған Каменец магистратының қыпшақ тіліндегі акт кітаптары тек тарихи және ресми-заң құжаттары ғана емес, қыпшақ тілінің маңызды дереккөзі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гаркавец А.Н. *Армяно-кыпчакские письменные памятники XVI-XVII вв.* // Средневековый Восток: источниковедение и историография. - М., 1980. - 81-90 бб.
2. Дашкевич Я.Р. *Армяно-кыпчакский язык. Библиография литературы 1802-1978 гг.* // «Rocznik Orientalistyczny», т. XL, z. 2. Warszawa, 1979. - 79-86 бб.
3. Григорян В.Р. *Об актовых книгах армянского суда г. Каменец-Подольска (XVI-XVII вв.)* // Восточные источники по истории народов Юго-Восточной и Центральной Европы. Под ред. А.С. Тверитиновой. - М., 1964. - 276-296 бб.

С. Ж. Құдасов. XVI-XVII ғғ. армян-кыпшак тіліндегі сот жазбалары.

4. Дашкевич Я.Р. *Армяно-кыпчакский язык: этапы истории* // Вопросы языкознания, 1983, № 1. – 91-107 бб.
5. Абдуллин И. А. *Армяно-кыпчакские тексты из архива Ф. Е. Корша* // Татар теле һәм әдабияты. Бишенче китап. - Казан, 1976. – 5-23 бб.
6. Грунин Т.И. *Памятники половецкого языка XVI века* // Академику В. А. Гордлевскому к его семидесятипятилетию. Сборник статей. - М., 1953. – 90-97 бб.
7. *Документы на половецком языке XVI в.* (Судебные акты Каменец-Подольской армянской общины). Транскрипция, перевод, предисловие, введение, грамматический комментарий и глоссарий Т.И. Грунина. Под редакцией Э.В. Севортяна. Статья Я.Р. Дашкевича. - М.: Наука, 1967. – 430 б.
8. Гаркавец А.Н. *Две новонайденные армяно-кыпчакские рукописи* // Тюркологический сборник. 1977. - М., 1981. – 76-80 бб.
9. Гаркавец А.Н. *Кыпчакское письменное наследие*. Т.1. Каталог и тексты памятников армянским письмом. – Алматы: Дешт-и-Кыпчак, 2002. - 1084 бет.